

«БЕКІТЕМІН»

Целиноград ауданы бойынша
білім бөлімі басшысы
С.Искаков



**Целиноград ауданы білім бөлімінің
2026 жылға арналған жұмыс жоспары**

Ақмол а.

**Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің
2026 жылға арналған жұмыс жоспары**

Құжаттың атауы	Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі 2026 жылға арналған жұмыс жоспары
Жоспардың заңнамалық негізі	<p>- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;</p> <p>- "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;</p> <p>- Мемлекет Басшысының жыл сайынғы Жолдаулары;</p> <p>- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;</p> <p>- «Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығы;</p> <p>- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысымен бекітілген "Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасы;</p> <p>- "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 26.12.2011 ж. Қазақстан Республикасының Кодексі;</p>

2026 жылға арналған білім бөлімі алқаларының перспективалық жұмыс жоспары

№	Қарастырылатын мәселе	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	Білім бөлімінің 2025 жылғы атқарылған іс-шаралар қорытындысы туралы	I жартыжылдық	Сектор меңгерушісі, бас мамандар, әдістемелік кабинет әдіскерлері
2	2025-2026 оқу жылының қорытындылары туралы	II жартыжылдық	Сектор меңгерушісі, бас мамандар, әдістемелік кабинет әдіскерлері

Мектепке дейінгі ұйымдары меңгерушілерінің қатысуымен болатын жиналыстар

№	Сұрақтар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ваучерлік қаржыландыруға көшу жөніндегі түсіндірме жұмыстары	қаңтар	Ж. Дюсекеева
2	МДҰ-дың аттестациядан өтуі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу	ақпан	Ж. Дюсекеева
3	Әр санат бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілерін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру	ақпан	Ж. Дюсекеева
4	МДҰ жоспарына сәйкес жылдық талдау жұмыстары	мамыр	Ж. Дюсекеева

5	МДҰ мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша бақылау іс-шараларының нәтижелері туралы тәрбиеленушілерді қабылдау барысы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	мамыр	Ж. Дюсекеева
6	Оқу жылының нұсқау хаттарын, нормативтік құжаттарын зерделеу және талдау, нормативті-құқықтық құжаттарды түсіндіру бойынша вебинар өткізу	тамыз	Ж. Дюсекеева
7	Жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау мәселелері бойынша МДҰ консультациялық көмек көрсету	қыркүйек	Ж. Дюсекеева
8	Білім беру ұйымдарында қосымша білім беру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру барысы туралы	қараша	Ж. Дюсекеева

Білім беру ұйымдары басшыларының қатысуымен өтетін аппараттық кеңестің перспективалық жоспары

№	Сұрақтар	Қарастыру мерзімі	Жауапты
1	Білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге дайындау, оқулықтар әдебиет сатып алу туралы	қаңтар	Сектор меңгерушісі, бас мамандар, әдістемелік кабинет әдіскерлері
2	Білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы	қаңтар	Бас маман
3	2026 жылы Целиноград ауданы бойынша білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алу және алдын алу туралы	қаңтар	А. Кабыкенова

4	2025 жылы білім беру ұйымдарында қосымша білім беру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қорытындылары туралы	қаңтар	А. Мусина, әдістемелік кабинет меңгерушісі, Ш. Шамренова
---	--	--------	---

5	2025 жылғы бюджет қаражатын игеру қорытындылары туралы	қаңтар	Орталықтандырылған есеп бөлімі, бас есепші
6	Штат кестесін қалыптастыру туралы	қаңтар	Бас есепші С. Шактаева
7	Тамақтану қызметтерін ұйымдастыру мемлекеттік тапсырыс конкурсы қорытындылары	қаңтар	А. Руспекова
8	Целиноград ауданы бойынша білім беру ұйымдарында кәметке толмағандар арасында буллингтің, кибербуллингтің алдын алу туралы	ақпан	А.Кабыкенова, әдістемелік кабинет
9	Мектептерде ата-аналарын педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру туралы	ақпан	А. Кабыкенова, А.Шарипова әдістемелік кабинет
10	Целиноград ауданы бойынша 0 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді есепке алу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді орындау	ақпан	А. Руспекова - әдіскер
11	Білім бөлімінің мектепке дейінгі ұйымдарының қызметіне мониторинг жүргізу қорытындылары туралы	ақпан	Сектор меңгерушісі – А. Елеуова, А. Мусина әдістемелік кабинет
12	ШЖМ қолдау жөніндегі ресурстық орталықтар қызметінің мониторингінің қорытындылары туралы	ақпан	А. Мусина, әдістемелік кабинет

13	Білім беру объектілерінің терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы	ақпан	О. Тұрғынбаев инженер
14	«Білім беру ұйымдарында аппараттық-бағдарламалық кешенді жүргізу»	ақпан	Сектор меңгерушісі – А. Елеуова, А. Мусина әдістемелік кабинет
15	Білім беру ұйымдарының “Әлеуметтік” және “Бизнес-әмиянда” электрондық табельдеуді пайдалануы туралы	ақпан	Әдіскер А. Руспекова, А. Қарабас
16	Аттестаттаудың кезекті цикіліне дайындық туралы: мерзімдері, жоспар-кестелері, нормативтік құжаттарды жаңарту	ақпан	Әдіскер С. Каримова
17	Оқыту сапасын арттыру (ББЖМ/МОДО) бойынша әдістемелік сүйемелдеу туралы	ақпан	ӘК меңгерушісі А. Мусина, әдіскер С. Тасыбай
18	Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жол картасын іске асыру туралы	ақпан	А. Кабыкенова
19	Мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектептердің жұмысын синхрондау жөніндегі іс-шаралар кешені туралы (құзыреттілік орталықтары, КП, мониторинг)	наурыз	ӘК меңгерушісі А. Мусина, әдіскер Ж. Дюсекеева
20	Білім беру ұйымдарында жасанды интеллектті қолдану туралы	наурыз	ӘК меңгерушісі А. Мусина
21	Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтыруын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыруды дайындау туралы	наурыз	А. Кабыкенова, әдістемелік кабинет
22	«Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтердің қызметін ұйымдастыру туралы»	наурыз	А. Кабыкенова, Ш. Шамренова

23	Мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектептердің жұмысын синхрондау жөніндегі іс-шаралар кешені туралы	наурыз	А. Мусина, әдістемелік кабинет
24	Әлеуметтік қорғалмаған балаларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жалпы білім беретін мектептердің қызметін қадағалау	наурыз	Әдіскер-А. Руспекова
25	Білім беру объектілерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы	сәуір	О. Тұрғынбаев - инженер
18	Білім бөлімінің ведомствоаралық сараптама тобының оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру мониторингінің қорытындылары туралы	сәуір	Әдіскер-А. Руспекова
19	«Алтын белгі» төсбелгісіне үміткерлердің құжаттарын тексеру қорытындылары туралы	сәуір	А. Мусина, әдістемелік кабинет
20	Білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы	сәуір	Сектор меңгерушісі- А. Елеуова
21	2026-2027 оқу жылына оқулықтар мен ОӘК сатып алуды ұйымдастыру туралы	сәуір	А. Мусина, әдістемелік кабинет
22	Отбасылық-тұрмыстық зорлық зомбылық пен кәмелетке толмағандарға қатыгездіктің алдын алу туралы	сәуір	Әдіскер А. Кабыкенова, А. Шарипова
23	Оқу-тәрбие қызметі процесінде тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз	сәуір	Әдіскер А. Кабыкенова, А. Шарипова

	орта құру, психологиялық қызмет туралы		
24	ЖИ құралдары арқылы сапалы оқытуды ұйымдастыруды әдістемелік сүйемелдеу туралы	сәуір	А. Мусина, әдістемелік кабинет
25	2026 жылғы 1 тоқсандағы бюджет қаражатын игеру туралы	сәуір	Бас есепші С. Шактаева, Б. Омаров
26	Ұлттық құндылықтарды сабақтарға біріктірудің тиімді модельдері туралы	мамыр	ӘК
27	Білім беру ұйымдарының басшыларын ротациялауды жүргізу жоспарлары туралы, басшылардың ротациялаудың принциптері мен өлшемдері: ашықтық, құзыреттерге сәйкестік	мамыр	С. Каримова
28	Жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдерді қосымша біліммен, оның ішінде мектепшілік есепте және полиция органдарында тұрғандарды қамту туралы	мамыр	Әдіскер А. Кабыкенова, А. Шарипова
29	Жазғы кезеңдегі балалардың қауіпсіздігі туралы	мамыр	Әдіскер А. Кабыкенова
30	Жалпы білім беретін мектептерге қатаң есептегі бланкілерді беру және есепке алу.	мамыр	А. Руспекова - Әдіскер
31	Мектептерде діни атрибуттарды алып жүру бөлігінде міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау бойынша жүргізілетін жұмысты талдау қорытындылары туралы	мамыр	А. Кабыкенова

32	Білім беру ұйымдарында жөндеу жұмыстарын бастау туралы	мамыр	Оқу материалдық базаны нығайту және дамыту мамандары
33	Аудан педагог кадрларын аттестаттаудан өткізу туралы	мамыр	А. Мусина, әдістемелік кабинет
34	«Адал азамат. Біртұтас тәрбие» бағдарламасын әдістемелік сүйемелдеу туралы	мамыр	А. Кабыкенова, әдістемелік кабинет
35	2025-2026 оқу жылының аяқталуы туралы. Оқу жылының аяқталуы бойынша ақпарат дайындау (тоқсан бойынша білім сапасы, ҰБТ)	маусым	А. Мусина, әдістемелік кабинет
36	Оқулықтар мен ОӘК сатып алуға шарттар жасасу туралы	маусым	А. Мусина, әдістемелік кабинет
37	Ауданның білім беру ұйымдарында жаппай біліммен қамту жұмысы бойынша сайтқа жарияланымдар дайындау.	маусым	Әдіскер А. Руспекова
38	Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру барысы туралы	маусым	А. Кабыкенова
39	2026 жылғы 1–ші жартыжылдықта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу туралы	маусым	А. Кабыкенова, әдістемелік кабинет
40	ӘК тиімділігінің мониторингі нәтижелері туралы	маусым	ӘК
41	Педагог мәртебесі туралы заңның сақталуы туралы	маусым	Сектор меңгерушісі А. Елеуова
42	Құқық бұзушылықтардың қауіпсіздігі және алдын алу	маусым	А. Кабыкенова

43	Білім беру ұйымдарындағы жөндеу жұмыстарының барысы туралы	шілде	Бас есепші, оқу-материалдық базаны нығайту және дамыту мамандары
	“Ауыл мектебі-сапа алаңы” жобасын енгізу мониторингі туралы	шілде	ӘК
44	2026 жылдың жарты жылдығындағы бюджет қаражатын игеру қорытындылары туралы	шілде	Бас есепші, орталықтандырылған есеп бөлімі
45	Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру барысы туралы	шілде	А. Кабыкенова
46	2026 жылдың балаларды анықтау және орналастыру бойынша қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі мамандардың жұмысын талдау туралы	шілде	Әдіскер А. Шарипова, Ш. Шамренова
47	9, 11 сынып түлектерін жұмысқа оқуға орналастыру туралы жұмыстар жүргізу.	Тамыз-қыркүйек	Әдіскер А. Руспекова
48	"Мектепке жол" акциясын өткізу.	Тамыз	Әдіскер А. Руспекова Аудан мектептері
49	Білім беру объектілерінде жөндеу жұмыстарын аяқтау туралы	тамыз	Оқу-материалдық базаны нығайту және дамыту мамандары
50	Оқулықтар мен ОӘК жеткізу туралы	тамыз	А. Мусина, әдістемелік кабинет
51	Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру барысы туралы	тамыз	А. Кабыкенова

52	2025 жылы педагогтерді аттестаттау және білім беру ұйымдары басшыларының бос лауазымдары туралы	тамыз	С. Каримова
53	Жазғы сауықтыру маусымын ұйымдастыру қорытындылары туралы	қыркүйек	А. Кабыкенова
54	Білім беру объектілерін жылыту маусымына дайындау жөніндегі жұмыстардың аяқталу барысы туралы	қыркүйек	Бас есепші, Оқу-материалдық базасын нығайту және дамыту мамандары
55	Аттестаттау қорытындылары туралы: проблемалық аймақтар, табысты тәжірибелер	қыркүйек	С. Каримова
56	2026-2027 оқу жылының басы ҰБДБ ақпараттық жүйесінде деректерді өзектендіру туралы	қыркүйек	А. Мусина, әдістемелік кабинет
57	Мектеп формасының талаптарын қамтамасыз ету туралы	қыркүйек	А. Кабыкенова
58	Целиноград ауданы бойынша "Ақмола облысында Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын" іске асыру туралы	қыркүйек	А. Мусина әдістемелік кабинет
59	Оқушыларды тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі жұмыстың қорытындылары туралы	Қыркүйек қазан	Әдіскер – А. Руспекова Инженер - О. Тұрғынбаев

60	Жаппай біліммен қаамту қорының қаражатын пайдалануды талдау	Қыркүйек	Әдіскер- А. Руспекова
61	Білім бөлімінің мектепке дейінгі ұйымдарының қызметіне мониторинг жүргізу қорытындылары туралы	қазан	А. Мусина, әдістемелік кабинет
62	Мектеп бітімгершілік қызметі туралы Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және білім беру ұйымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалды қалыптастыру нысандарының бірі ретінде	қазан	А. Кабыкенова, А.Шарипова Ш. Шамренова
63	Педагогикалық этика нормаларын сақтау туралы: Әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде, желілік өзара іс-қимылда педагогтердің дұрыс мінез-құлдық	қазан	С. Каримова
64	Инновациялық технологияларды енгізу нәтижелері туралы	қазан	ӘЖ
65	Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша қабылдап жатқан шаралар туралы	қазан	А. Кабыкенова
66	Кәмелетке толмағандар арасындағы қараусыздық пен панасыздық, оқытпаудың алдын алу шаралары туралы	қараша	А. Руспекова
67	Инновациялық жобаларды енгізудің нәтижелігі туралы	қараша	ӘЖ
68	2026 жылғы игерілмеу тәуекелдері және 2027 жылға арналған жоспарлар туралы	желтоқсан	Бас есепші, Орталықтандырылған есеп бөлімі

69	Білім беру ұйымдарын компьютерлік техникамен жаратқандыру туралы (компьютерлік техниканы түгендеу)	желтоқсан	А. Мусина, әдістемелік кабинет
70	2026 жылғы 4 тоқсандағы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингін талдау қорытындылары туралы	желтоқсан	сектор меңгерушісі А. Елеуова

Ағымдағы жағдайды талдау (2025 жыл)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ: Ауданда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуді 69 мектепке дейінгі мекеме жүзеге асырады, оның ішінде: 61 балабақша (12 мемлекеттік, 49 жекеменшік) және 8 шағын орталық ондағы бала саны- 6675 (2061- мемлекеттік б/б, 4511- жекеменші б/б, 103-шағын орталықта) қамтиды. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамтудың жалпы көлемі:- 2 жылдан 6 жылға дейін – 93,7% - 3-6 жастан бастап - 100%. *Анықтама 2024 жылдың 29 шілдеден Ы.Алтынсарин ауылынан 1 жекеменшік балабақша ашылды.*

2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды ұлғайту мақсатында 2026-2028 жылдарға арналған мектепке дейінгі ұйымдарды енгізу мен ашудың қадамдық жоспары әзірленді. Жыл сайын балабақшалар санын арттыру бойынша, яғни мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қосымша топтар ашу жұмыстары жүргізіледі. 2 жастан асқан балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды ұлғайту үшін балабақшалар бөбекжайларға ауыстырылады. Сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту барлық балаларға олардың әлеуметтік қатыстылығына және тұратын жеріне қарамастан берілуі тиіс. Аудан бойынша балабақшалар тізімі:

Целиноград ауданынына қарасты МДҰ тізімі
Целиноград ауданынына қарасты МДҰ тізімі

№	Ұйымның атауы	Топтар саны	Жобалық қуаттылығы	Ондағы балалар саны
1	МКҚК «Жұлдыз» б/б	14	340	329
2	МКҚК «Солнышко» б/б	4	120	75
3	МКҚК «Балауса» б/б	14	320	280
4	МКҚК «Болашак» б/б Нур-Есиль ауылы	4	120	90
5	МКҚК «Болашак» б/б Жалғызқудық ауылы	5	140	90
7	МКҚК «Аялы-Ай» б/б	12	280	251
8	МКҚК «Асем-Ай» б/б	12	280	260

9	МКҚК «Күншуақ» б/б	6	140	140
10	МКҚК «Қошақан» б/б	6	140	140
11	МКҚК «Жарқын Ай» б/б	3	78	77
12	КММ "Ай-Көркем" б/б Коянды ауылы	12	280	272
13	МКҚК «Әдемау» б/б	3	75	46
14	ЖШС «Тасбақа» б/б «Тасбақа»	10	245	235
15	ЖШС «Атос-Group» Мерген б/б	4	75	72
16	ЖШС «Бөбек-2011» «Бөбек» б/б	4	100	100
17	ЖШС «Әнел» «Әнел» б/б	6	158	158
18	ЖШС «Күнбағыс-К» б/б «Күнбағыс»	2	40	20
19	ЖШС «Ақбота» б/б «Ақбота»	14	300	280
20	ЖШС «Ақ-Нұр» б/б «Ақ- Нұр»	4	100	100
21	ЖШС «Ақбақай» б/б «Ақжелкен»	5	125	114
22	ЖШС «А-S инвест групп б/б «Ажар»	2	50	48
23	ЖШС «Айшвария» б/б «Жасмин»	2	50	49
24	ЖШС «Балдырған-2013» б/б «Балдырған»	6	143	142
25	ЖШС «Тайлақ KZ» б/б «Тайлақ»	4	100	97
26	Балабақша "Айголек" ЖШС "Айголек Д"	10	243	242

27	ЖШС «Samal Royal» б/б «Ақ көгершін»	7	220	124
28	ЖШС «Алтын бесік» б/б «Алтын бесік»	2	50	45
29	ЖШС «Дарын Л» б/б «Алтын балық»	7	150	147
30	ЖШС «Балбобек2014» б/б «Балбобек»	6	123	119
31	ЖШС «Оркен А» б/б «Оркен»	2	45	44
32	ЖШС «Алакай-kz» б/б «Алакай»	3	65	63
33	ЖШС «Зангар и КО» б/б «Ай бала»	9	182	182
34	ЖШС «Эквижн» б/б «Мейрим»	6	150	135
35	ЖШС «Ерке» б/б «Ерке»	3	56	53
36	ЖШС «Жас-2015» б/б «Акжелкен»	6	150	117
37	Балабақша "Адилет" ЖШС " "Адилет"	3	75	68
38	ЖШС «Акжайк Д» б/б «Самгау»	5	125	124
39	ЖШС «Болашак Урпак» б/б «Кулыншак»	2	35	35
40	ЖШС « Амирхан KZ» б/б «Асыл бала»	5	120	103
41	ЖШС « Несибелды» б/б «Кемел»	1	24	24
42	ЖШС « Золотая рыбка» б/б «Золотая рыбка»	4	82	82
43	ЖШС «Акниет 2» б/б «Акниет»	2	50	50

44	ЖШС «Болашак и КО» б/б «Asem-ai»	4	100	81
45	ЖШС «Каусар» б/б Зангар"	4	100	95
46	ЖШС "Боташымай" б/б «Боташым-ай»	5	106	105
47	ЖШС «Универсал кейтеринг» б/б «Амеди»	3	65	65
48	ЖШС «Starled» б/б «Айжулдыз»	7	159	159
49	ЖШС «Горизонт2020» б/б «Шанырак»	4	125	100
50	ЖШС «АЛУА-2018» б/б «Алуа»	2	36	36
51	ЖШС «Арсила» б/б «Акбопе»	4	100	100
52	ЖК «Ахмедин б/б «Еркетай» с.Тасты	2	50	49
53	ЖШС «Айрус» б/б «Зерде» с.Талапкер	3	75	75
54	ЖШС "Байтерек - 2022" б/б "Балапан"	2	40	39
55	Балабақша "Лашын" ЖШС "Дос и Ка"	9	220	194
56	Балабақша «Акбота» ЖК Ахмедин	1	20	18
57	ЖШС «Айшвария» б/б «Бота»	2	50	50
58	ЖШС «Айшвария» б/б «Тэй-Тэй»	2	40	40
59	ЖШС «MARLEN-2050» б/б «Ақ құлыншак»	3	45	45
60	ЖШС «А-S инвест групп б/б «Ажар»	2	44	29
61	ЖШС «Асыл Тұмар»	3	74	74

62	ЖШС «Kuanysh» «Балдаурен»	3	41	41
	Барлығы	310	7235	6572

№	Ұйымның атауы	Топтар саны	Жобалық қуаттылығы	Балалар саны
1	«Қызылсуат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы шағын орталығы	1	30	8
2	«Жарлықөл ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы шағын орталығы	1	30	14
3	«Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы шағын орталығы»	2	25	15
4	"Арайлы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы шағын орталығы	1	25	11
5	«Ақжар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы шағын орталығы»	1	30	16
6	"Сарыкөл ауылының негізгі орта мектебі" КММ жанындағы шағын орталығы "	1	20	11
7	«Жаңа Жайнақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы шағын орталығы	1	20	19
8	"Тасты ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы шағын орталығы	1	30	9
	барлығы	9	210	103

0 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына кезектілік **1197**, 1 жастан 6 жасқа дейін - **1196**, 2 жастан 6 жасқа дейін – **1108**

құрайды. 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту **81,2%** құрайды; 2 жастан 6 жасқа дейін **93,7%** құрайды; 3 жастан 6 жасқа дейін **100 бала%** .

Кадрлық қамтамасыз ету: ауданда мектепке дейінгі мекемелерінде **517** педагог жұмыс істейді. Жоғары біліктілік санаты **1** адам (0,1 %), бірінші біліктілік санаты **0** адам (0 %), екінші біліктілік санаты – **5** адам (0,9 %), педагог – шебер-**0** (0 %), педагог – зерттеуші-**3** (0,5 %), педагог-сарапшы-**20** (3,8%), педагог-модератор-**176** (34,0%), педагог-**82** (15,8%), б/к –**230** педагог (44,4%).

Целиноград ауданы бойынша 2025 жылғы қараша айынан бастап ваучерлік қаржыландыру жүйесіне көшу жүзеге асырылды. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік және түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Целиноград ауданы білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 2025 жылғы қазан айында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» аудандық байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша Ақмол ауылының «Жұлдыз» балабақшасы МКҚК әдіскері П. Нысанова облыстық кезеңге ұсынылды.

2023–2024 оқу жылында «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жанынан балаларды ерте дамыту мәселелері жөніндегі мобильді топ құрылған болатын. Аталған мобильді топ 2025 жылы бекітілген жоспарға сәйкес іс-шараларды атқарды. 2025–2026 оқу жылына арналған жоспарға сәйкес жұмыс атқаратын мобильді топ мүшелерімен отырыс өткізіліп, алдағы атқарылатын жұмыстардың түрлері мен бағыттары таныстырылды.

Оқу жылы бойы ай сайын бекітілген жоспарға сәйкес құзыреттілік орталықтары бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Целиноград ауданы бойынша «Жұлдыз» балабақшасы мен «Әсем ай» бөбекжайы құзыреттілік орталықтарының жұмысы жалғастырылуда. Қараша айында «Жұлдыз» балабақшасында әдіскерлердің қатысуымен 2025 жылға арналған әдістемелік нұсқаулықтар талқыланып, жұмыс жоспары құрылды.

2025 жылғы қараша айында өткен облыстық «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» байқауында Ақмол ауылының «Жұлдыз» балабақшасы МКҚК әдіскері П. Нысанова бас жүлдеге ие болды. Сонымен қатар, Ақмола облысы білім басқармасының жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылған байқауларға қатысқан Целиноград ауданының мектепке дейінгі ұйымдары жүлделі орындарды иеленді.

2025 жылғы қараша айында Целиноград ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес «Ай-көркем» бөбекжайында мектепке дейінгі ұйым қызметкерлеріне арналған «Жасыл балабақша: экологиялық тәрбие берудің жаңа мүмкіндіктері» тақырыбында аудандық семинар өтті. Сондай-ақ, осы айда «Айжұлдыз» ЖШС

балабақшасында «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» атты аудандық семинар ұйымдастырылды.

Семинарларды ұйымдастырудың басты мақсаты – балабақшаның күн тәртібі аясында тәрбиешілердің жұмысын көрсету, балалармен ұйымдастырылатын іс-әрекеттердің өткізілу барысымен таныстыру, құзыреттілік орталықтарындағы жан-жақты жұмысты түсіндіріп, тәжірибе алмасу болды. Семинар барысында педагогтар балабақшаның материалдық-техникалық базасымен танысып, топ бөлмелері мен дәліздердің безендірілуін, дамытушы орталықтардың жабдықталуын, жатын және қабылдау бөлмелерінің жағдайын көріп, балабақша ішіне экскурсия жасады.

Кіріктірілген іс-әрекеттерді дене шынықтыру нұсқаушысы, жүзу нұсқаушысы және қазақ тілі маманы көрсетті. Қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, балабақша педагогтарының жұмысына және балалармен өткізілген іс-шараларға оң баға берді.

2025 жылға арналған негізгі міндеттер:

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын желілік нормативке келтіру және мектептер жанындағы шағын орталықтарда бала санының аз болуына байланысты оларды елді мекендердегі жекеменшік балабақшаларға қайта ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы, күнкөріс деңгейі төмен отбасылардан шыққан балаларды тегін тамақпен 100% қамтамасыз ету;
- мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалар үлесін 94,1%-ға дейін арттыру.

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ: Ауданымызда, жалпы орта білім беру жүйесіне 49-і мектеп бар, оның: 31 орта, 3 мектеп гимназия, ІТ лицей -2, мектеп лицей 3, 7 негізгі, 3 бастауыш мектептері. Оның ішінде: 22 мектеп – мемлекеттік тілде оқытатын, 2 мектеп – орыс тілінде, 25 мектеп – аралас тілде оқытылады.

Оқушылар саны 1-11 сынып аралығында 21409 оқушы, оның 1-4 сынып 8901, 5-9 сынып 10249, 10-11 сынып 2259 оқушы, даярлық сыныбы 1030, *барлығы 0-11 сынып аралығында 22439 оқушы.*

Желінің мемлекеттік кепілдендірілген нормативіне сәйкес келмейтін мектептердің саны – 3 (Ақмешіт а. ЖОББМ- 52 оқушы саны, Морттық а.НОМ-28 оқушы, Опан ауылы НОМ- 32 оқушы).

2024-2025 оқу жылының қаңтар айынан бастап оқушыны жылына қайта оңтайландыру жоспарын қарастыру мақсатында ШЖМ-де білім беру сапасын арттыру және пәрменді көмекті ұйымдастыру негізінде, ауданды 42 оқушыны қамтитын 3 магниттік мектепке арналған 1 ресурстық орталық (Нұрәсіл

ауылының ЖОББМ) жұмыс істейді (магнитті мектептер ЖанаЖайнак а.ЖОББМ, Раздольное а.НОМ және Мортқық а. НОМ).

Білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттарын іске асыру:

«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педогогтың кәсіби құзыреттілігінің өсу және оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру факторы ретінде бірыңғай әдістемелік ортаны құру» атты әдістемелік мәселемен айналысып келеміз. Мұғалімнің кәсіби өсуіне байланысты, аудандық әдістемелік кабинеттің мұғалімдерге көмек көрсету мақсатында келесі бағыттағы жұмыстарды қамтиды, ол пән бірлестіктер, яғни пәндік қауымдастықтар қызметі, жетекшілік мектептер жұмысы, желілік қоғамдастық, аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарына көмек, семинарлар, вебинар, форумдарды ұйымдастырады. Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру арқылы білім сапасын арттыруға, шығармашылық бастамалары мен кәсіби өсуін ынталандыруда қолдау көрсетуге, мұғалімдердің біліктілігін жан- жақты көтеруге, ғылым жетістіктеріне негізделген үздік педагогикалық тәжірибелерді тарату жұмыстарын жүргізеді.

SWOT - талдау

<i>Біліктілік деңгей бойынша кадрлық қамтамасыз ету</i>	<i>Педагогикалық кадрларды марапаттау:</i>
<p>Аудан бойынша педагогикалық кадрлар тапшылығы мәселесе жоқ. Бүгінгі таңда ауданның білім беру ұйымдарында 2322 педагог жұмыс істейді.</p> <p>Жаңа форматтағы санаттар бойынша аттестаттаудан өткен мұғалімдердің жалпы саны 1749 немесе 76% құрайды.</p> <p>Педагог мастер -7 Зерттеуші педагог -298 Педагог-эксперт -645 Модератор -799 Жоғары санатта -0 Бірінші санатта -3 Екінші санатта -0</p>	<p>Ғылым кандидаты-0 адам, Ғылым докторы-0 адам, магистр-219</p> <p>Философия докторы – PhD- 4 адам.</p> <p>«Халық ағарту үздігі» - 2</p> <p>Білім берудің құрметті қызметкері – 5</p> <p>Ы.Алтынсарин төсбелгісі- 12</p> <p>«Білім беру үздігі» – 3</p> <p>«ҚР Білім және ғылым Министрлігінің құрмет грамотасы» – 150</p>

Мұғалімдердің біліктілік дәрежесін көтеру мақсатында 2025 жылы аттестацияға өтінім бергендер саны - 950, 2025 оқу жылдарында аудан мұғалімдерінің біліктілік дәрежелері – 76 % жететін болады.

2025 жылдың басынан бері 267 мұғалім келді, оның 113-і жас мамандар. 2026 жылдың жазында аттестациядан өтуді жоспарлап отырған орта білім беру ұйымдарындағы педагогтер санының болжамы 949.

Біліктілікті арттыру курсы: Ауданның білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарымен қамту: **2025 жылы** біліктілікті арттыру қажеттілігі **426 педагогты** құрайды:

- Менеджмент, ББ басшылары-6;

Цифрлық ресурстар (басшылар үшін)-3

- Директорлардың орынбасарлары-31;

- пән мұғалімдері-244;

- инклюзивті білім беруді дамыту бойынша орта білім беру ұйымдарының педагогтері - 27;

– жаһандық құзыреттер-20;

- педагогтің метапәндік құзыреттілігін дамыту – 9;

- кәметке толмағандар арасында суицидтің алдын алу (ББ басшылары) - 4;

- педагог-психологтар -9;

- әлеуметтік педагогтар, сынып жетекшілері – 7;

старший вожатый-5

әдістемелік қызметті трансформациялау-27

Педагогикалық шеберлік орталығы:

Педагогтардың пәндік құзыреттерін дамыту-5

Табысты білім беру ортасын қалыптастырудағы бағалау тәсілдері-1

Білім беру ұйымдарының басшылары мен басшылықтың орынбасарларының басқарушылық дағдыларын дамыту- оқу орынбасары-18, тәрбие орынбасары-1.

Білім беру ұйымдарының басшыларын оқыту-2 оқу орынбасары, 1-тәрбие

Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларын оқыту кадр резерв -6

Жыл сайын педагогтар қатары жас мамандармен толықтырылуда, сондай-ақ жаңадан келген мұғалімдермен жұмыстар жүргізу, дәстүрлі түрде әдістемелік жұмыстың маңызды құрамдастарының бірі болып табылады. Оқу жылының ішінде жас мұғалімдерге атаулы көмектер ұйымдастыру және аудандық, облыстық өткізілген іс-шараларға жас мамандарымыз қатысады. Биылғы оқу

жылында қазан айында жас педагогтерінің форумы Қараөткел ауылының ІТ мектеп-лицейінде өткізілді, 100 жас маман қатысты.

2025 жылы «Үздік бастауыш мұғалімі» онлайн конкурсы аясында өткен аудандық кезеңге 11 бастауыш сынып мұғалімі қатысты. Байқау қорытындысы бойынша Қажымұқан ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ошақбаева К.К. және Қабанбай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Контаева Л.Т. жүлделі І орынға ие болып, облыстық кезеңге қатысу үшін құжаттары жолданды.


Облыстық кезеңде өткен «Үздік бастауыш мұғалімі» конкурсының қорытындысы бойынша Қабанбай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі **Контаева Ләззат Төлегенқызы** Бас жүлдені иеленді.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне 194 мұғалім өтінім беріліп, 180 мұғалім қатысты. Байқау қорытындысы бойынша 8 бастауыш сынып мұғалімі жүлделі І орынға ие болды. І орын иегерлері байқаудың облыстық кезеңіне қатысу үшін жолдама алды. Облыстық кезең 2026 жылдың 6 қаңтар күні өткізіледі. Облыстық кезеңге өткен бастауыш сынып мұғалімдері Софиевка ауылы ЖОББМ **Корниенко Виктория**, Арайлы ауылы ЖОББМ **Немцова Марина**, Талапкер ауылы ІТ мектеп-лицейі **Узденбекова Жанаргуль**, Ақмол ауылы ЖОББМ **Есенқызы Светлана**, Өтеміс ауылы ЖОББМ **Ыбырай Ерлан**, Талапкер ауылы мектеп-гимназиясы **Кокен Гулмерей**, Қоянды ауылы мектеп-лицейі **Хуралбай Багила**, Қараөткел ауылы ІТ мектеп-лицейі **Бадыгулова Куралай**.

Жалпы білім беру ұйымдарда инклюзивті білім беруді дамыту бойынша:

2025 жылдың оқу жылында 0-18 жас аралығында Целиноград ауданында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны – **1322**. Оның ішінде:

- Психикалық дамудың тежелуі– 377 бала
- интеллекттің жеңіл және орташа бұзылуы – 191
- нашар еститіндер – 9
- нашар көретіндер – 3
- тірек-қимыл аппаратының бұзылуы – 20
- жалпы сөйлеудің дамымауы – 688
- аутизм спектрі бұзылысы – 34



Жалпы білім беретін ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны **501**. Мүгедектік анықтамасы бар балалар саны 48.

Дәрігерлік консультативтік комиссия шешімінің негізінде үйде 41 бала оқиды. 284 бала Ресурстық орталықпен, инклюзияны қолдау кабинеттерінің қызметін алады.

Қазіргі таңда (Ақмол а. ЖОББМ, Қабанбай батыр а. ЖОББМ, Талапкер а. ЖОББМ, Родина а. ЖОББМ, Қараөткел а. МГ, Қоянды №1 а. ЖОББМ, Оразақ а. ЖОББМ, Софиевка а. ЖОББМ, Қоянды а. №2 ЖОББМ, Қызылжар а. ЖОББМ, Арайлы а. ЖОББМ, Ы. Алтынсарин а. ЖОББМ, Қараменді а. ЖОББМ, Қараөткел а. ІТ мектеп лицейі, Ақмол а. мектеп гимназия, Талапкер а. ІТ мектеп лицейі, Қаражар а. мектеп лицейі, Қоянды а. мектеп лицейі, Қабанбай батыр а. мектеп лицейі , Талапкер а. мектеп гимназия) 284 баланы қамтитын 20 инклюзивті қолдау кабинеттері жұмыс істейді (29 логопед мамандар). Барлық кабинеттер тиісті құралдармен жабдықталған. Бұл кабинеттерде арнайы мамандар, яғни логопед, дефектолог қызмет атқарады. Олар балалардың білім алуына, ортаға бейімделуіне жан-жақты көмек көрсетеді.

Целиноград ауданы бойынша 49 мектептің ішінде 46 мектептің пандустары бар, 2 мектепте қажеттілік жоқ (Сарыкөл, Тастақ), шек жоқ.

Барлығы 8 мемлекеттік балабақша логопункттер бар: Талапкер а. МКҚК , Ақмол а. МКҚК, Қабанбай батыр а. МКҚК, Нұресіл а. МКҚК, Қоянды а. МКҚК, Ы. Алтынсарин а. МКҚК, Қажымұқан ауылы а. МКҚК, Родина а. МКҚК 164 бала қамтылған.

2025 жылы. 7 Жайлы мектеп толықтай бейімделіп, лифтілер орнатылған.

2025-2026 оқу жылында 2 инклюзияны қолдау кабинеті Қаражар а. ЖОББМ және Қажымұқан а. ЖОББМ ашылу жоспарлануда.

2025 жылы қазан айында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 137 балаға арналған, оқу жоспарын одан әрі өзгерту мақсатында ПМПК-ға кезекті тексеру жүргізілді.

2025 оқу жылында 2 инклюзияны қолдау кабинеті Арайлы а. ЖОББМ және Софиевка а. ЖОББМ ашылды.

2024 жылы қазан айында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 152 балаға арналған, оқу жоспарын одан әрі өзгерту мақсатында ПМПК-ға кезекті тексеру жүргізілді.

Оқу қызметі: 2025-2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығы бойынша, яғни 1-11 сыныптарда 21420 оқушы аяқтады, даярлық сыныбында **1030**.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жұмыстары туралы

2024-2025 оқу жылында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) және жетім балаға (жетім балаларға), қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу мемлекеттік қызметі 11 өтініш келіп түсті. Барлық өтініш қанағаттандырылып, 11 бала қамқоршылық және қорғаншылыққа алынды. Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап бағуға жәрдемақы тағайындау мемлекеттік қызметі бойынша 11 балаға жәрдемақы тағайындалды. Осы балалардың 5-і үй кезегіне қойылды, қалған 6 баланы үй кезегіне қою жұмыстары жүріп жатыр. Ауылды жерлерде 2013 – 2019 жылдары үй кезегіне қойылған балалардың кезегін, электрондық жүйеге еңгізу бойынша жұмыстар атқарылуда. Жалпы қазіргі таңда қамқоршылық және қорғаншылықта 65 бала, патронаттық отбасында 7 бала бар. Осы балаларға қатысты жылына 2 мәрте үй-тұрмыстық актілері жасалып, қамқоршылар есебі алынады және де осы есептері балалардың Республикалық деректер базасына жүктеледі.

«Мектепке жол» бағдарламасы аясында, білім бөлімінің қызметкерлерінің қолдауымен қамқорлықтағы 2 балаға оқу – құралдары салынған сөмкелер берілді.

2024 жылдың 29 қазанында қамқоршылар күніне орай, әр мектепте қамқоршыларға мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып, білім бөлімінің басшысы атынан алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.

Қорғаншылық және қамқоршылық органы орындайтын 10 мемлекеттік қызмет түрі бар. Барлығы мемлекеттік қызмет көрсету ережесіне яғни талаптарына сәйкес орындалып атқарылады, кешіктірулер жоқ.

Сот істері бойынша 2025 жылдың қаңтарынан бастап, кәмелетке толмаған балаларға қатысты 36 іс сотта қаралды. Оның:

2 сот ісі отбасы ішінде кәмелетке толмаған баланы асырап алу бойынша қанағаттандырылды.

3 сот іс ата-ана құқығынан айыру туралы, оның 1 сот ісі қанағаттандырылды, 2 іс әлі қаралуда.

Ата-ана құқығына шектеу қою туралы 3 сот ісі қанағаттандырылды.

Қалған сот істер неке бұзу, балалардың тұрғылықты мекен-жайын анықтау, кәмелетке толмаған балалармен қарым-қатынас тәртібін орнату, кәмелетке толмаған балаларға қатысты мүлікті даулау, әкелікті даулау туралы.

Кәмелет жасқа толмаған 4 бала Камышова Анастасия, Камышова Ангелина және Алиев Филип, Сергеев Илья алғашқы есепке алынып, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар есебінде Ақкөл қаласындағы балаларды қолдау орталығына тапсырылды.

Қиын жағдайға тап болған 2 отбасының кәмелетке толмаған 3 баланы уақытша бейімдеу орталықтарына орналастыру бойынша жұмыстар атқардық. 1-ші отбасы Пеннер Нина мәжбүрлі түрде соттың шешімімен айықтыру орталығына 6 айға жіберілді. Кәмелетке толмаған баласы Пеннер Иван Ақкөл қаласындағы балаларды қолдау орталығына орналастырылды. 2-ші отбасы Киосова Кристина ішкілікке құмар және балаларына қарамаған, осының салдарынан 1 баласының өліміне әкеліп соқты. Сондықтан кәмелетке толмаған 2 баласын мамандандырылған Щучинск балалар үйіне орналастырдық. Қазіргі таңда ол жанұямен жұмыстар атқарылып, дұрыс жолға қойылды, балалардың әкесі Французов Александр әкелігін растайтын куәлігін алды. 29 мамыр 2025 жылы өткен кәмелет жасқа толмағандар істерін қарайтын комиссия балаларды отбасына қайтару туралы шешім қабылдады. Тағы басқа ауданымыздағы кәмелетке толмаған балалардың құқықтары бұзылған немесе бала құқықтарына нұқсан келген жағдайлардың бәріне арнайы комиссия құрылып, тексеріспен барып хаттамалар толтырылады.

2025 жылдың ақпан айының 7 күні «Ақмола облысы білім басқармасының психологиялық қолдау орталығыны» КММ жоспарына сәйкес әлеуметтік педагогтарға арналған «Жасөспірімдер ортасында агрессияның, зорлық - зомбылықтың және қатыгездіктің алдын алу» тақырыбында облыстық аймақтық семинар өткізілді. Семинар өте жақсы деген деңгейде өткізілді деп бағаланды.

2025 жылдың 07 наурызы күні Целиноград ауданында 45 пәтерлі үй берілді. Соның ішінде кәмелетке толмаған 3 бала пәтерлі болды. Біздің балалар үшін ол үлкен қуаныш болды.

Қорғаншылық және қамқоршылық органы өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды анықтайды және орналастырады.

Қорғаншы және қамқоршы орган әрбір баланың ата-анасының тәрбиесін алуға, оның мүдделерін, жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге, адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге құқығы бар екенін ескере отырып, Өйткені, Қазақстан

Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және неке (ерлі-зайыптылық) туралы кодексінің 60-бабына сәйкес «Әрбір баланың отбасында тұруға және тәрбиелеуге құқығы бар». Осыған байланысты қорғаншылық және қамқоршылық органы аудан басшыларынан аудан мұғалімдерімен және ата-аналар қоғамдастығымен баланың құқықтарын барлық жағынан сақтау жөнінде ақпараттық-кеңес беруді сұрайды.

Оқу қызметі: 2025-2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығы бойынша, яғни 1-11 сыныптарда 21420 оқушы аяқтады, даярлық сыныбында **1030**.

2025 жылғы жалпай біліммен қамту жұмысы бойынша: Целиноград ауданында 0 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді есепке алу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді орындау. Целиноград ауданының 50 елді мекенінде 33152 бала тұрады, оның ішінде мектеп жасына дейінгі 7126, мектеп жасындағы оқушылар 22 381, 18 жасқа дейінгі жастар 2522 және басқалары 8. Балаларды оқытумен қамту 100% - ға орындалды, оқытумен қамтылмаған себепсіз растайтын құжаттарсыз балалар (анықтамалар) анықталған жоқ. Жыл сайын ауданның барлық мектептерінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан отбасы балалардың деректер банкі құрылды. Үкіметтің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына сәйкес, осы санаттағы балалар тегін ыстық тамақпен, материалдық көмек түрінде (мектеп формасын сатып алу үшін ақшалай қаражат, оқу құралдары, сауықтыру мекемелеріне жолдамалар, жаңа жылдық сыйлықтармен) қамтамасыз етілді.

Ыстық тамақпен қамту:

2024 жылдың қыркүйек айынан бастап, мамыр айына дейінгі ақпарат бойынша ыстық тамақ 21254 оқушыны қамтитын 43 мектепте (91%), 173 оқушыны қамтитын 6 мектепте (9%) буфеттік және термостық ыстық тамақтану ұйымдастырылды (аудан орталығының қашықтығына байланысты жеткізушілер жоқ, бейімделген мектеп ғимараты) тегін ыстық тамақ 166 (22%) оқу үшін ұйымдастырылды, оның ішінде : - 573 оқушы, 5-11 сынып жаппай біліммен қамту қорынан аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға;

- ЖБ есебінен 8894 - 1 – 4 сынып оқушылары ,
-319 оқушы шаруашылық жүргізуші субъектілер есебінен (253) және жалға алушылар есебінен (66) тегін тамақтанады.

Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру оң нәтижесі (+)бар:

	+	міндеттер
Ыстық тамақ ұйымдастырылған мектептер саны-40	8-ге ұлғайтылды	100% дейін жеткізу

Ыстық тамақпен қамтылған Оқушылар саны-100%	22% - ға ұлғайту қамтуды	100% дейін жеткізу
Халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды теін және ыстық тамақпен қамту	100%	100%
1-4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету-100%	100%	100%
Материалдық базаны нығайту және мектеп асханаларын техникалық жабдықтармен жабдықтау	2023 - 2024 жылдар ішінде 16, 584 млн теңге сомасына жабдық сатып алынды. 2026 жылға жоспарланған қаражат жоқ.	

2025 жылдың қыркүйек айынан бастап, мамыр айына дейінгі ақпарат бойынша ыстық тамақ 21 254 оқушыны қамтитын 43 мектепте (94%), 173 оқушыны қамтитын 6 мектепте (9%) буфеттік және термостық ыстық тамақтану ұйымдастырылды (аудан орталығының қашықтығына байланысты жеткізушілер жоқ, бейімделген мектеп ғимараты) тегін ыстық тамақ 166 (16%) оқу үшін ұйымдастырылды, оның ішінде : - 573 оқушы, 5-11 сынып жаппай біліммен қамту қорынан аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға;

- ЖБ есебінен 8894 - 1 – 4 сынып оқушылары ,
-319 оқушы шаруашылық жүргізуші субъектілер есебінен (253) және жалға алушылар есебінен(66) тегін тамақтанады.

2023 жылдан бастап бір реттік ыстық тамақтың құны 750 теңге.

2025 жылғы 9 қаңтардан бастап мектептегі тамақтанудың құны 1-4 сынып оқушылары үшін - күніне 725 тг, 5-11 сынып оқушылары үшін (жалпы білім беру қоры бойынша) – күніне -850 тг.

Білім және үлгерім сапасы: 2024-2025 жылы - 64 %. 2025-2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығында 60 % құрайды.

Ауданның көрсеткішінен төменгі сапа көрсеткен мектептер: Қараөткел ауылының ЖОББМ (59%), Қараөткел ауылының МГ (58%), Талапкер ауылының ЖОББМ (53%), Талапкер ауылының мектеп лицейі (58%) Ақмол ауылының мектеп гимназиясы (54%) және Арайлы ауылының ЖОББМ (56%) Қоянды ауылының №2 ЖОББМ (57%) Қоянды ауылының мектеп лицейі (58%). Софиевка ауылының ЖОББМ (56%) Қабанбай батыр ауылының мектеп лицейі (59%), Қызылжар ауылының ЖОББМ (58%), Қараменді ауылының ЖОББМ (56%) Өтеміс ауылының ЖОББМ (55%), Шұбар ауылының ЖОББМ (55%).

2024-2025 оқу жылында мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасарларымен кеңестер және пән мұғалімдерімен вебинарлар өткізіліп, онда білім алушылар үлгерімінің төмен болуына әсер ететін факторлар мен себептерді анықтау, білім алушылардың білімін толықтыру мақсатында пәндер бойынша мұғалімдер арасында, педагогикалық практиканы түрлендіру жұмыстарын жүргізуге байланысты семинар-тренинг, шебер сыныптар ұйымдастыру арқылы әдістемелік көмек ұйымдастыру қажет.

2024-2025 оқу жылы қорытынды аттестаттау бойынша: 9 сыныпта - 1965 оқушы бар, оның 195-і «Үздік» аттестатқа ие болды. 11 сыныпта 792 оқушы бар, оның: 57-і «Алтын белгі» және 61-і «Үздік» аттестатқа ие болды.

ҰБТ-ға қатысқан оқушылар саны (ағымдағы жылдың 16 мамыры мен 5 шілдесі аралығында): 734.

Жоғары балл жинаған (100 баллдан жоғары) оқушылар саны: 94.

Шекті межеден өте алмаған оқушылар саны: 90.

ҰБТ-ның орташа балы: 70,8%.

Целиноград ауданы бойынша «Алтын белгі» иегерлері арасынан ҰБТ нәтижесінде жоғары көрсеткішке қол жеткізген

135 балл Абдулла Нұрай Бейбітқызы Талапкер а.ІТ МЛ,

134 балл Болатбекұлы Сәдуақас Қоянды а.#1,

133 балл Серікболқызы Жадыра Қоянды а. #2,

132 балл Бапан Жәмила Болатқызы Қаражар а. ЖОББМ,

130 балл Мұратбек Айшагүл Архатқызы Қабанбай батыр а.МЛ,

30/28 (шығармашылық емтихан) Батыргали Шапағат Балтабайқызы Ақмол а.МГ.

2024-2025 оқу жылында аудан оқушылардың олимпиадаларға, ғылыми жобалар жарыстарға, конкурстарға қатысты: Жыл сайын аудан

оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп, ауданымыздың мәртебесін жоғары дәрежеде көрсетуде атап айтсақ:

2025 жыл 04 ақпан күні Жыр алыбы Жамбыл ақындар айтысының облыстық кезеңі онлайн өтіп, онда «Тақырыптық айтыс» номинациясы бойынша Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Қоянды ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі 10 сынып оқушысы **Адал Кербез 3 дәрежелі дипломмен** марапатталды жетекшісі Сайлаухан Раушангүл.

Целиноград ауданы бойынша білім беру ұйымдарында 2025 жылы қаңтар айының 16 күні (7-11 сынып) оқушылары арасында **«Жарқын болашақ»** қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңі Талапкер ауылының мектеп-гимназиясында өткізілді. «Бейнелеушілер» (қазақ әдебиетіндегі шығармаларды комикс жанрында салу) - Ақмола облысы Целиноград ауданы Қабанбай батыр ауылының мектеп-лицейі 9 сынып оқушысы **Жанекенова Аяна**, «Жас қаламгер» (жазбаша шығармашылық жұмыс)- Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоянды ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі 10 сынып оқушысы **Бөрібек Іңкәр**, «Білгірлер бәйгесі» (мақал-мәтел, жұмбақ, ертегілер бойынша сайыс)- Ақмола облысы Целиноград ауданы Тасты ауылының жалпы орта білім беретін мектебі 8 сынып оқушысы **Қызық Еңлік**, «Сөз шеберлері» (Көпшілік алдында белгілі бір тақырыпта сөз сөйлеу)- Ақмола облысы Целиноград ауданы Софиевка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі 10 сынып оқушысы **Лаукелқызы Нұрайым**, «Әнші-бұлбұлдар» (ән айту) - Қоянды ауылының -№1 жалпы орта білім беретін мектебі 11 сынып оқушысы **Хабай Жаннұр**.

2025жыл 6-8 ақпан аралығында Көкшетау қаласында 7-11сыныптар оқушылар арасында өткен "Жарқын болашақ" республикалық қазақ тілі олимпиадасының үшінші облыстық кезеңінен Целиноград ауданы Тасты ауылының ЖОББМ 8 сынып оқушысы **Қызыр Еңлік I орын** марапатталды жетекшісі Айдарбекова Айгүль Бахировна және Софиевка ауылының ЖОББМ 10 сынып оқушысы **Лаукелқызы Нұрайым III орынмен** марапатталды жетекшісі Төңкерқызы Айгүл.

